

## Ақтөбе қаласы азаматтарының жекелеген санатының қалалық қоғамдық көлікте тегін жүруі туралы

### *Күшін жойған*

Ақтөбе облысы Ақтөбе қалалық мәслихатының 2009 жылғы 27 қазандағы № 200 шешімі. Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласының Әділет басқармасында 2009 жылдың 18 қарашада №3-1-121 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ақтөбе қалалық мәслихатының 2016 жылғы 8 сәуірдегі № 15 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ақтөбе қалалық мәслихатының 08.04.2016 № 15 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған кейін қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңының 6 және 7 баптарына, "Қазақстан Республикасындағы көлік туралы" Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 21 қыркүйектегі № 156 Заңының 8 және 13 баптарына, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы № 95 Бюджеттік кодексінің 56 бабының 1 тармағының 4 тармақшасына сәйкес, Ақтөбе қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Қалалық қоғамдық көліктерде Ұлы Отан соғысына қатысушылар мен мүгедектері үшін - автобустар, троллейбустар, маршрутты таксилерде, жасына байланысты зейнеткерлер, 1, 2, 3 топ мүгедектері, 16 жасқа дейінгі бала жасынан мүгедектер үшін - автобустар мен троллейбустарда тегін жүру белгіленсін.

2. "Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек" 451-007-000 бюджеттік бағдарламасы бойынша қаржыландыру көзі анықталсын.

3. Осы шешім оны алғашқы ресми жариялаған күннен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Ақтөбе қалалық мәслихаты  
сессиясының төрағасы  
М. Өндіргенов*

*Ақтөбе қалалық мәслихатының  
хатшысы  
С. Шынтасова*